



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Қытай мен Өзбекстанға рейстер саны артты

Қазақстандық әуе компаниялар Қытай мен Өзбекстанға рейстер санын арттыратын болды, деп хабарлайды EgeMen.kz Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің «Ашық сағат алаңындағы» кезекті жиынында әуе тасымалындағы өзекті сауалдар талқыланды.

Бейнебайланыс режимінде өткен жиында «Эйр Астана», «SCAT әуе компаниясы» және «Qazaq Air» сынды отандық авиакомпаниялардың өкілдері пандемияға байланысты тоқырауға ұшыраған халықаралық тұрақты әуе желілерін қайта қалпына келтіру және ұшу географиясы аумағын кеңейту барысындағы іс-шараларды атап өтті.

Әуе компаниялары өкілдерінің айтуынша, бүгінде ұшуды қайта қалпына келтіру жұмыстары жүйелі жүзеге асырылуда.

Бүгінде халықаралық әуе тасымалы 28 мемлекетке 115 бағыт бойынша аптасына 518 жиілікте орындалады. Әуе қатынасы орнықты жолға қойылған елдер қатарына Әзербайжан, Армения, Беларусь, Ұлыбритания, Германия, Греция, Египет, Үндістан, Иран, Италия, Катар, Қытай, Кувейт, Қырғызстан, Мальдив аралдары, Моңғолия, Нидерланды, БАӘ, Польша, РФ, Сауд Арабиясы, Тәжікстан, Таиланд, Түркия, Өзбекстан, Чехия және Оңтүстік Корея кіреді.

Қазақстандық авиа тасымалдаушылар 2022 жылдың алғашқы жартыжылдығында

халықаралық әуе желілері арқылы 1,2 млн жолаушы тасымалдаған. Бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 60 пайызға жоғары (0,7 млн).

ҚР ИИДМ Азаматтық авиация комитеті отандық әуе тасымалдаушы компанияларға ұшу географиясы аумағын кеңейтуді талап етуде. Қазір бұл тарапта бірқатар жұмыс атқарылуда. Атап айтқанда, Пәкістанмен әуе қатынасын орнату бойынша жұмыстар жүргізілуде. Сондай-ақ сұраныстың артуына байланысты Қазақстан, Өзбекстан және Қытайдың бірқатар қаласына жаңа бағыттар ашу көзделген. Десе де жолаушылар сұранысын тиісті деңгейде қанағаттандыру мүмкін болмай отыр.

Мәселен, карантиндік шектеулерге байланысты бүгінде Қытайға аптасына 3 рейс қана жасалады. Ал пандемияға дейін 40-тан астам әуе тасымалы жүзеге асырылатын. Өз кезегінде сұраныстың артуы билет бағасына да өз әсерін тигізуде.

«Біз Қытайдың азаматтық авиация билігіне рейс санын арттыру бойынша бірнеше рет сұраныс хат жолдадық. Сонымен қатар жаңа әуе бағыттары мен рейстер санын көбейту бойынша өзбекстандық әріптестерімізге де ұсыныс білдірдік. Жуық арада Қытай, Өзбекстан және Пәкістанның авиация билігіне аталған мәселелерді жедел шешуге ықпал етуді қайта сұраймыз», деді Азаматтық авиация комитеті төрағасының орынбасары Салтанат Томпиева.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

## Созақ аудандық қоғамдық кеңес мүшелеріне

Аудандық қоғамдық кеңестің кезекті мәжілісі 2022 жылдың 17 тамыз күні сағат 10:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында өтеді. Қоғамдық кеңестің күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралады:

1. Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің «2021-2022 оқу жылында атқарылған жұмыстары және алдағы оқу жылына дайындық жұмыстары туралы» есебі.

2. Созақ ауданы әкімдігінің

экономика және қаржы бөлімінің «2022 жылдың 7 айында атқарылған жұмыстары туралы» есебі.

3. Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің «2022 жылдың 7 айында атқарылған жұмыстары туралы» есебі.

4. Басқа да мәселелер. Қоғамдық кеңес мүшелерін тіркеу 17 тамыз күні сағат 9:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында жүргізіледі.

М.САПАРОВ,  
Аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы.



## Мемлекет басшысы Мәдениет және спорт министріні қабылдады

Мемлекет басшысы Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаевты қабылдады, деп хабарлайды EgeMen.kz

Қасым-Жомарт Тоқаевқа министр өзі жетекшілік ететін барлық салада атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Дәурен Абаев азаматтардың жекелеген санаттарының кірісін арттыру шаралары туралы айтты. Атап айтқанда биыл мәдениет, өнер және спорт мекемелері қызметкерлерінің жалақысы өскен. Министрлік Мемлекет

басшысының тиісті тапсырмаларын орындау бойынша жұмысты жалғастырады.

Мәдениет және спорт министрі кітап шығару саласындағы жағдай туралы баяндады. Қазір негізгі күш баспа өнімдерінің, соның ішінде балалар әдебиетінің бәсекеге қабілетін арттыруға, сондай-ақ жазушыларды қолдауға бағытталған. Сонымен қатар Президентке мұрағат қоймаларын жаңғырту мен цифрландыру жайы айтылды.

Қазақстандық спортшылардың халықаралық ірі жарыстарға, 2024 жылы өтетін

Олимпиада ойындарына дайындық мәселесі де жеке қарастырылды.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы министрлікке бұқаралық және балалар спорты дамыту, ұлттық мәдениетті кеңінен насихаттау жөнінде бірқатар міндет жүктеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев туристік инфрақұрылымды дамыту мен шетелдік инвесторларды тарту және бірлескен туристік жобаларды іске қосу үшін қажетті жағдай жасаудың маңызды екенін атап өтті.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

## Қазақстандықтардың орташа жалақысы 312 мың теңгеден асты



Қазақстанда 2022 жылдың екінші тоқсанында атаулы орташа жалақы 312 мың теңгеден асты, деп хабарлайды EgeMen.kz Ұлттық статистика бюросына сілтеме жасап.

2021 жылдың тиісті тоқсанына қарағанда өсім 24%-ды, нақты мәнде – 8,9%-ды құрады. Жалақының медианалық мәні (жалақы қатарының орталық деңгейі) 2022 жылғы II тоқсанда бағалау бойынша 196 728 теңгені құрап отыр.

Бюроның мәліметінше, жалақының өсуі барлық қызмет түрлерінде байқалған. 2021

жылға тиісті тоқсанмен салыстырғанда ең жоғары өсім – құрылыс – 35,5%-ға, көлік пен қоймалау – 34,8%-ға, тау-кен өндіру өнеркәсібі және қарьерлерді қазу – 28,3%-ға салаларында байқалады, баяу қарқын денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету салаларында – 12,1%-ға және көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсынуда – 3,9%-ды құрап отыр.

«Орташа айлық жалақы туралы деректер кәсіпорындардың тоқсан сайынғы статистикалық есебі негізінде есептеледі. Орташа мән қосымша

ақыларды, үстемақыларды, сыйақыларды, сондай-ақ салық пен басқа да ұсталымдарды (табыс салығы, міндетті зейнетақы жарналарын) есепке ала отырып қалыптастырылады. Медиана жалақысы – есептелген жалақы мөлшері бойынша қызметкерлер саны бөлгендегі қатардың тең ортасында тұрған және сол мөлшерді екіге бөлетін (одан көп және аз) жалақы мөлшері», деп түсіндірді Ұлттық статистика бюросы Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы департаментінің директоры Наталья Белоносова.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

## ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТІРЕГІ

Қазақ халқының көрнекті ақыны Құнанбайұлы Абай өз заманында адам құқығын сақтаудың, дауларды адам мен қоғам мүддесіне қарап шешетін айтулы бөделді би болған. Академик-жазушы Мұхтар Әуезов те «Билікке келгенде тобықты ішінде Абайдан әділ, таза, күшті биді тобықты іші бұрынғы заманда да көрген жоқ деп айта аламын» депті. Осы деректер белгілі қоғам қайраткері, заң зергері, академик Салық Зимановтың еңбектерінде де айтылса ал тереңнен сыр шертетін «Билер соты-қазақ құқығының белгісі» еңбегінде биліктің әділдік сипаты айтылады. Алла-Тағалам нәсіп етіп Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін ашық әрі демократиялық қоғам орнатудың негізгі принциптерін іске асыра алатын, заман ағымына толық жауап беру үшін қазақстандықтардың мүддесін толық қорғайтын бас қажат қабылдау қажет болды. Президент бастамасымен сарапшылар тобы құрылып, Конституция жобасы талқылауға салынды. Жобаны зерделеуге, сараптауға мықты заңгерлер, Францияның Конституциялық кеңесінің өкілдері, Ресей зерттеу орталығының заңгерлері қатысты. Ізденіс географиясы кеңейді. Бұл туралы Елбасы өз еңбектерінде өзі бас болып Европа мен Азияның, Солтүстік Латын Америкасының бас-аяғы жиырмадан аса елдердің конституцияларын зерттеп зерделегені жөнінде жазады. Дәл осы Ата заңымызды талқылаған тұста қазақстандықтардан 31 мың 886 ұсыныс түсіп соның 1100-і соңғы сараптауға енгізілген. Ата Заңның әр тарауына атсалысқан заң ғылымының докторы – Нағашыбай Шайкенов, профессор Бауыржан Мұхамеджанов, Константин Колпаков-заң ғылымының кандидаттарының тындырымды еңбектері ерекше болды. Әз Тәукенің «Жеті жарғысы», «Есім ханның ескі жолындағы» ұлы дала заңнамалары бірі-біріне үйлесіп қазіргі қолданыстағы Конституциямыздың арқауын құрады. Қазақтың құқығы ежелден өте құнды рухани мұра десек, намыс, парыз дәстүрге, әдет-ғұрыпқа негізделген. Қазақтың әдет-ғұрып нормалары ұлттық мәдениеттің түпкі тамыры. Қолданылатын жазалар ізгілендірілгенін құн төлеу институтының қолдануынан көруге болады.

Ұлы даламыздың даналары әлем таныған ғұламалар Аристотель, Конфуцилардан бірде бір кем емес. Бұл тұста ұлы даламен тәуелсіздік дәуірінің сабақтастығы жатыр. Бүкілхалықтық референдум арқылы 98 баптан тұратын 1995 жылғы 30-шы тамызда қабылданған Ата заңымыз дала заңымен нәрленген, ел сұранысына жауап беретін көп ұлтты, көп конфессиялы қоғамдағы ең басты қазына адамның құқығы мен бостандығын, мүддесін қорғайтын керегесі кең қоғам мен мемлекеттің өсіп-өркендеуіне, адам құқығының сақталуына, бірлік пен тұрақтылыққа жол ашушы басты құжатқа айналды. Уақыт талабына сай толықтырулар енгізілуде. Өткенде ғана бүкілхалықтық референдумда тағы да тың өзгерістер енді. Ол өзгерістер тәуелсіз еліміздің баянды жолына қызмет ететін болады. Қазақстанның Ата заңы әлемдегі ең жас Конституциялардың бірі болғанына қарамастан әлемдегі адам құндылықтарын дәріптейтін ең үздік 50 конституцияның бірі.

Ата заңымыз жалпы теңдік қағидалары заманымызға сай адам мүддесін қорғайтын Қазақстан Республикасын өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыруда, халыққа қызмет етуде. Ата заңымыз-мемлекеттік құндылық оны бұлжытпай орындау, қастерлеу баршамызға парыз. Ата заң тәуелсіз Қазақстанның өсу өркендеу жолындағы бас тірегі. Тірегі мықты мемлекет мәңгілік мемлекет.

**Бекжан САҒЫНТАЕВ,**  
Созақ аудандық сотының судьясы.

«Халел Досмұхамедұлы Абай жинағын баспаға дайындағанда Қазақ-Қырғыз білім комиссиясының ұйғаруымен қазақ емлесін пайдалана отырып, жаңылыс басылған сөздерді түзеп, өлеңнің мәнісіне оқушылар анық түсіну үшін өлең ұйқасына, мағынасына қарай айырым жазып, шет тілдерден кірген сөздерге, оқушыларға түсіну қиын-ау деген кейбір қазақ сөздеріне де түсіндірме береді. Түсініксіз сөздердің мағынасын өлеңнің аяғында айрықша көрсетеді. Абай шығармаларының екінші басылымында баспагерлік те, редакторлық та жұмыстарды қоса атқарған Халел кітаптың бірінші басылымындағы кемшіліктерді жоюға қолынан



## Абай-арда алаштың перзенті

келгенін жасағанын, бұл жұмыстарды атқаруда: «Арамызда Абайдың сөзін естіген жолдастарының, я туғандарының болмағандығынан, өлеңдерін анық білетін кісілердің табылмағандығынан, Абайдың өлеңдерін тексеру, жаңылыс басылған сөздерін түзету, өлеңдерін жүйесіне, мағынасына қарай жіктеу орасан қиын болды», - дейді. Абай кітабын баспаға дайындаушылардың мұншалықты күрмеуі қиын ауыр жұмыстарын ескерген Қазақ-Қырғыз білім комиссиясы Қазақстанның Абайды толық қылып басуға кіріскенін ескеріп, көмек беруден аянбаған. Бұл игілікті істің басы-қасында Нәзір Төрехұлов болған. Нәзірдің қайраткерлігі туралы Халел Досмұхамедұлы: «Абайдың тарамағандығынан қазақ-қырғыз әдебиетіне, оқушыларға, шақірттерге, мұғалімдерге келетін кемшіліктерді көрсетіп, шапшаңдықпен Абайды жұмыстауға білім кәмисиясына қамшы болған Нәзір Төрехұлов болды. Баспахана жағынан да тоқталмай тездікпен жөнделіп, басылып шығуына да Нәзір міндетті болды,» деп жазады.

Нәзір! Қазақтың тұңғыш дипломаты, Түркістан түлегі. Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Халел Досмахамедұлы қатарында Абайды Түркістанға- күллі түркі (түрік) жұртына танытқан дара тұлға.

Міне, хакім Абайдың трактат-хикметінің екінші басылымы 1923 жылы Ташкентте осылай жарыққа шықты. Елге тарады. Абайды оқып тәлім алған алғашқы әскери қызметкер Қызыл армия командирі, Ұлы Отан соғысының қаһарман батыры, әскери жазушы Бауыржан Момышұлы болды. Мәселен, Бауыржанның Абайдан алған ғибратын жазушы Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» атты роман-диалогындағы (1976) автор мен кейіпкердің мына диалогынан аңғаруға болады:

«Автор. Әскерде, соғыста қандай кітаптар оқыдыңыз? Қандай жағдайда, қалай оқыдыңыз?»

Бауыржан. ...Толстойдың «Соғыс және бейбітшілігі» мен «Севастополь әңгімелерін», Пушкин мен Лермонтовтың әскери прозасын, адмирал Нахимовтың, адмирал Макаровтың, ағылшын адмиралы Нельсонның кітаптарын, қазақ кітаптарынан мен Абайды ешқашан да жанымнан тастаған емеспін. Мен Абайды ақын деп қана емес, ойшыл, философқа балап оқыдым. Барлап қараған және әскери көзбен қараған кісіге Абайдың өзі қып-қызыл соғыс. Рас айтатын. Мәселен, оның «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген өлеңін алшы, жатқан соғыс емес пе? ... Расқа түбінде тұрғанда Қазақстаннан алдырып, Шоқан Уәлиханов шығармаларының ертеде шыққан басылымын оқыдым.

...Ал «Абай» романының бірінші кітабы менің қолыма соғыста жүргенде тиді. Өз қолымен автограф жазып оны Мұқаңның өзі жіберді. Мен оны оқып шығып, Мұқаңа арабша 6 бет хат жаздым. Мұқаң менің кітапқа берген бағама разы болып, 3 бет жауап жолдады.»

Міне, Бауыржан осылай Шоқан мен Абайды оқып, толық адам болды. Батыр, батыл, қаһарман қолбасшы болды. Бұл құбылыс Бауіржанның өзі айтқандай Абайдың тағылымы»-деп жазады әдебиетші А.Жұмашов.

Абай атамыздың туған күні қарсаңында аудандық орталық кітапхананың оқырмандармен жұмыс бөлімінің ұйымдастыруымен «Абайды тағы бір танық» деген мақсатта дастархан басында әңгіме дүкен құрдық. Кеңес жылдары мәдениет бөлімін басқарған Теміров Махмұт көкеміздің үйіндегі апамыз немересімен келіп, шара ажарын аша түсті. Келген қонақтарға тіл үйірер бауырсақ пен балдай тәтті қымыз ұсынылды. Қымыз іше отырып, кітапхана қыздары әзірлеген Абай хақында сауалдарға жауап берілді. Дастархан басында ән айтылып, күй шертілді. Айтқандай апамыз Семей өңірінің, абай атамыздың ауылынан болғандықтан Абай атамыздың туған мекені туралы мәнді де мағналы әңгіме тиегін ағытты.

**Мақсат ҚАРФАБАЙ.**

## ТУРИЗМ ТҰРАҚТЫ ТАЗАЛЫҚТЫ ҚАЛАЙДЫ

Түркістан облысының туризм басқармасының тапсырмасына сәйкес, облыс аумағында орналасқан туристік аймақтарды тазалау жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Себебі, туризм саласы ел экономикасын дамытып, аймақтық жергілікті бюджетті қаржыландыратын маңызды саланың бірі болып табылады. Алайда тапсырмадан бұрын сол ауылдың тұрғындарының зеректігі мен зерделілігіне, имандылығы мен өз ауылын, оның киелі орындарын құрметтей білгендігінде болмақ. Кешелі бүгін Созақ ауылында орналасқан киелі Қарабура кесенесінің аумағына ауыл жұртшылығының

жұмыла кірісуімен тазалық жұмыстары жүргізіліп, туристерге қолайлы жағдай жасалуда. Қарабура әулие сонау ҚожаАхмет Яссауи мен Арыстанбаб әулиелердің замандасы XI ғасырдың соңы мен XII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген тарихи тұлға. Бұл әулиенің кесенесіне жыл сайын елімізден және шет елдерден мыңдаған туристер келеді. Сондықтан да туристік орынның тазалығы мен қызмет көрсету сапасы заман талабына сай болғаны маңызды. Біздің ауданда Ысқақ баб, Баба Түкті Шашты Әзіз, Ақбикеш, Хақназар, Құрымбай датқа, Бөкенбай, Шалданбай әулие, Саңғыл би ке-



сенелері мен сағаналары, аудан орталығындағы Тәуелсіздік, Керей мен Жәнібек хандарға арналған монументтер

аумағын тазалау жұмыстары соңғы жылдары тыңғылықты қолға алынған. Әр ауылда екі-үшеуден орналасқан бұл

кесенелер сол ауылдың ең қымбат қазынасы, байлығы, баға жетпес мұрасы, керек десеңіз сол ауылдың төлқұжаты. Осындай оралымды бастама көтерген Созақ ауылының барша тұрғындарына, ауыл ағаларына, әкімдік қызметкерлеріне, иманды ұл-қыздарына бек ризашылықтамыз.

Созақ-әулиелер мен әмбиелер мекені деген атауына сай болуы оның тазалығы мен көгалдануында сондықтан да байырғы әрі алғашқы аудан орталығы саналатын созақтық ағайындардың бастамалары баршамызға да жұғысты болсын!

**Мақсат ҚАРФАБАЙ.**



Ұлы Отан соғысының ардагері, көненің көзі тарихтың өзі, Созақ ауданының Құрметті азаматы Асанхан Аманжоловтың 1975 жылы 15 сәуірде «Молшылық үшін» газетінің №46 санында «Маршалды алып жүрген жауынгер» деген тақырыппен әсерлі шағын әңгімесі жарияланды. Бұл деректі әңгіменің кейіпкері теріскейлік жауынгер Төребеков Әшірбек есімді азамат жайлы еді.

Майдангер Төребекұлы Әшірбек 1918 жылы Созақ ауданы «Жұмысшы» колхозына қарасты Торлан ауылында дүниеге келген. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталған уақытта өз еркімен майданға аттанып, 1-ші атқыштар полкінде майданға кіріп, 1942 жылдың қазан айына дейін қатардағы атқыш болады. 1942 жылдың қараша айы-



бейді. «Неде болса генералдың біреуі болды ғой» деп ойладым. Біраз жүрген соң бір бөлімшеге келіп тоқтадық. Әлгі жол серік автомашинадан түскен соң: «Өз бөлімшеңді таба аласың ба?»-деп сұрады. Мен таба алмайтындымы айттым. Сол кезде бір капитанды шақырып алып: «Мына жігітті бөлімшесіне жеткізіп сал!»-деп тапсырды.

«Құп болады! Капитан қасыма отырған соң:

«Тарт былай-деп оңға қарай қол сілтеді. Жүріп келеміз Әңгімелесіп отырып сәлден соң капитан:

«Әлгі кісіні танысың ба,-деп сұрады. Мен оны танымағанымды, бірақ генералдың бірі болар деген ойымды айттым. Капитан маған таңғалғандай қарап қалды да: «Бұл Маршал Георгий Кон-

# Маршал Жуковпен тілдескен жауынгер

нан 1943 жылдың сәуіріне дейін 56-шы атты әскер полкінде кавалерист ретінде жаумен шайқасады. Осы жылдың мамыр-қараша айларында 9-шы механикаландырылған бригада бастығының көлігін жүргізеді. Сержант шенінде қызмет етеді.

1943 жылдың желтоқсанынан 1945 жылдың қазан айына дейін қызу соғыстың ортасында №18 танкіге қарсы атқыштар полкінде полк командирінің көлігін айдайды. 1945 жылы Ұлы Отан соғысында көппен бірге Жеңіс күнін тойлап, аман-есен елге оралады. Елге келген соң Сарыағаш ауданы Жылға ауылында дүкен меңгерушісі болып жұмыс жасайды. 1962 жылы туған жері, кіндік кескен мекені Шолаққорған ауылына келіп дүкен меңгерушісі, Калинин атындағы совхозда қоймашы, жанар-жағар май меңгерушісі, совхоздың қамтамасыз етушісі болып қызмет істейді. Әшірбек 1976 жылы зейнет демалысына шығады. «Даңқ», «II-дәрежелі Ұлы Отан соғысы» ордендерімен, екі рет «Ерлігі үшін», «Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «1941-1945» жылдардағы Ұлы Жеңіске 20 жыл», «1941-1945» жылдардағы Ұлы Жеңіске 25 жыл», «1941-1945» жылдардағы Ұлы Жеңіске 30 жыл», «1941-1945» жылдардағы Ұлы Жеңіске 40 жыл», «1941-1945» жылдардағы Ұлы Жеңіске 50 жыл», «1941-1945» жылдардағы Ұлы Жеңіске 60 жыл», «КСРО Қарулы Күштеріне 50 жыл», «КСРО Қарулы Күштеріне 60 жыл», «Еңбек ардагері» мерекелік медалдарымен марапатталған. 1944 жылы алған «Үшінші класты шофер» деген куәлігі әлі күнге дейін сақталыпты.

Кезінде әкесі Төребектің де басынан небір зұлматты жылдар өтеді. Жалғыз ұлы Әшірбек үш жасында анасынан жетім қалып, жетімдіктің ащы тауқыметін тартады. 1958 жылдары жұрттар ақталып, жылымықты жыл басталғандай болады. Елге заман тынышталып, өмір бір арнаға тоғысталған 1962 жылы бұл әулет елге көшіп келеді. Қарап тұрсақ Әшірбек дүниеге келген 1918 жылы.

Атасы Айтжан би қайтыс болады. Осы азаматтар уақытында көп қиыншылық көреді. Бұл туралы жазушы Өтеш Қырғызбаев, еңбек ардагері, бидің ұрпағы Тобақабыл Айтжанов естеліктер жазған болатын.

Жауынгердің өмірбаянына зер салып қарасаңыз Жуковпен 1943 жылы қараша айында кездейсоқ кездескеннен Әшірбекті өмірі күрт өзгеріп 1943 жылдың желтоқсан ай-

жасында, өмірден озды. Екінші ұлы Полат Әшірбеков Ленгір ауданы Киелітас ауылында ауыл әкімі, Үшінші ұлы Марат Шолаққорған ауылында тұрады. Ол мұнай айдау стансасында қызмет атқарады. Қыздары Гулнар, Гулбар, Бульбар, Жанат. Барлығы отбасылы бір-бір үйдің түтінін түтеп жүрген аяулы ана, адал жар, ардақты әже.

Асанхан көкеміздің «Маршалды алып жүрген жауын-

қарай шегініп бара жатты.

Ол кезде мен екінші Украина майданында №18 дербес артиллерия полкінде шофер болатынмын. Солдаттық борышым бойынша зеңбірекке снаряд тасып жүргенмін. Соғыстың аты соғыс, майданның аты-майдан. Ол күндерді қазіргі және келер ұрпақ көрмей-ақ қойсын деп тілеймін. Осындай ала сапыран бір күні автомашиналарға әдеттегідей снарядтарды тиеп алып, шабуылға шыққан өз бөлімшеміздің соңынан жүріп келе жаттық. Аспан ақ түтектен көрінбейді. Күн де жауын. Жер лайсаң. Бір кезде автомашинам шалшық суға келді де тоқтап қалды. Ары-бері шығарып аламын деп жүріп жол серік шоферлардың көз жазып қалдым. Деген шабуыл кезі. Артиллерияға снарядтарды тез жеткізу үшін бәрімізде асығып келе жатқан болатынбыз. Менің автомашинам сол жерде лажсыз тұрып қала берді.

Күн сәске түске таянған әзірде өзіміздің бір «кукурузник» самолет ұшып келіп, төбемізден екі-үш рет айналып өтті. Сонан біраз уақыт өткен соң үш танк көрінді де олар менің қасыма келіп, тоқтай қалды. Тоқтаған танктен былғары тонкиген бір толық кісі түсті. Басқа танктерден майор, подполковник, полковниктер түсті де оның қасына ерді. Өзара әңгімелесті.

Бұл кезде бір офицер маған келіп неғып тұрғанымы сұрады. Мен автомашинаның лайға батып тұрғанын айттым. Ол айналып көрді де қайтадан жүгіріп кетті. Бір танкті әкеп автомашинаны сүйреп лайдан шығаратынын білдірді. Лезде автомашинаны бір танк тіркеді де құрғақ жерге шығарды.

Мен автомашинаны оталдырып енді жүруге ыңғайланып тұрған әзірде әлгі былғары тонды кісі кабинамды ашқызып отырды да-кеттік-деп ишара етті. Автомашинаны енді осы жол серігімнің нұсқауы мен жүргізуіме тура келді. Өйткені, әлгі 3 танк біздің соңымыздан ілесіп отырды. Ол кісіге тіктеп қарауға батылым бармайды. Жайлап байқасам сырт киімінде ешқандай әскери дәрежесін аңғартар белгі білін-


стантиневич Жуков қой! Естуің жоқ па!-деп қайта сұрады. Жуковты өте жақсы білетінімді, бірақ бірді-екілі рет сыртынан көргенім болмаса, жақыннан бұрын көрмеген соң тани алмағанымды айттым»-деп сол жылдардың сұрғылт бояуын көз алдымызға әкелді.

«Әкем өте қарапайым, артық ауыз әңгімесі жоқ азамат болатын. Ол кісінің маңдол тартып, домбыра шертетін қасиеті бар еді. Жиын мен той-томалақта ән айтып тойдың көркін қыздыратын өнерпаз жан ұл-қыздарына зор өнеге, тәлім-тәрбиесін беріп кетті. Әкеміздің қасынан жері жайлы, топырағы торқа болсын! Бұл дүниеден өтіп кетсе де соңына айта жүрерліктей елеулі із қалдырған әкем сияқты азаматтар ұмытылмауы тиіс. Мен әкемді мақтан тұтамын. Әкемнің қоғамдағы шыншылдығын, әділдігін, отанына, отбасына және өз ісіне деген адалдығын өзіме өнеге тұтамын. Қанша жылдар өтсе де ардақты әкем мен аяулы анам өзіммен бірге жанымда жүргендей болады. Әкеміздің отбасындағы, еңбектегі біздерге берген тәлімі әлі күнге дейін бізге азық болып келе жатыр,-дейді қызы Бульбар Әшірбекқызы.

Ұлы Отан соғысының ардагері, еңбек ардагері Төребекұлы Әшірбек пен ол кісінің құдай қосқан жары Қантқұл апамыздың соңдарында қара шаңырағын, өнегелі өмір жолын жоқтатпай мақтаныш ететін 25 немересі мен 70-ке жуық шөбересі қалды. Ендігі кезекте сол ұрпақтарына өмір берсін! Соғыс деген зұлмат мәңгіге келмеске кетсін!

Одан бері қаншама жылдар өтті. Осындай ерлікті жолдан өткен майдангердің 1997 жылы шыққан «Теріскейлік түлектер жауынгерлік сапта», 2005 жылы шыққан «Жауынгерлік парызды өтедік» атты Ұлы Отан соғысына қатысушыларға арнап жазылған кітаптарға есімі енбей қалуы өкінішті. Бүгін біз сол олықтықтың орнын толтыруға ниеттене бет бұрдық.

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ,**  
**Қазақстан Журналистер**  
**одағының мүшесі.**



ында, яғни, бір ай өтер өтпесте полк командирінің жүргізушісі болады. Кез келген полк командиріне Жуковты тасыған жүргізушіні жүргізуші етіп алу зор абырой болатын. Не десекте Алланың шапағаты түссе керек.

Әшірбек көкеміз бен Қантқұл анамыздан 7 ұл-қыз өсіп өнді. Үлкен ұлы Нағашбек Калинин совхозында бас мал дәрігері қызметін атқарды. 49

гер» деген әңгімесінде майдангер жауынгер Әшірбек Төребеков маршалмен қалай кездесіп, тілдескені жөнінде былай әңгімелеп береді.

«Әлі есімде, 1943 жылдың ноябрь айының алғашқы күндерінің бірі болатын. Бұл кезде Совет Армиясы үнемі шабуылға шығып, неміс фашистері соққы астында қалғанын. Олар күн сайын өздерінің құзғандық ұяларына

Қазақстанда қызылша өндіре тұра қанттың қат болғаны сияқты, Созақ ауданында да күн сәулесі арқылы электр энергиясын өндіретін станция салынса да толыққанды жарыққа жарымау Теріскей жұртшылығының бас ауруына айналғаны қашан. Бұл жайында Шолаққорған ауылдық «Парасат» клубы мүшелерінің мәселе көтергеніне де 6-7 айдың жүзі болды. Нақтырақ айтсам, ауданымыздың әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлы басшылық қызметке келісімен алдын-ала дайындалған кесте бойынша ауыл әкімдері өздеріне қарасты халықтың алдына шығып, есеп бере бастады. Сондай есептердің бірі Шолаққорған ауыл әкімдігінде өткен болатын. Бұл кездесуге аудан әкімінің орынбасары Бекзат Әлмағанбетов, бөлім және тиісті мекеме басшылары мен жергілікті қоғамдастықтың мүшелері және «Парасат-



қалаға барып келудің жол шығынын және уақыт ысырабын қоса есептеп, одан гөрі айыппұл төлей салуды жөн көретінге ұқсайды. Сондай-ақ, аталмыш бөлім басшысының тарапынан тұтынушыларға әлгі экспертизадан өтіп немесе өтпестен жарамсыз деп танылған счетчиктерін ауыстыру үшін кабинетінде дайын тұрған счетчиктерді сатып алу ұсынылған. Көбінде тұтынушылар счетчиктерді алған, кейбір жағдайларда алудан бас тартқан көрінеді. Міне осы жағдайлар жөнінде не айтасыздар, осы әрекеттер қаншалықты заңды?

7. Кейде өмір болған соң ұмытып немесе айлықтары уақтылы түспеген себепті тұтынушылар жарықтың ай сайынғы ақысын төлеуді уақытынан кешіктіріп алады. Осы жағдайда ескертпестен бірден жарықты кесу оқиғалары да орын алған. Бұл жағдай қаншалықты

# Халық жарықтан

тықтар» қатысқан болатын. Әкімнің есебі болған соң әдетте инфракрасным мәселесі сөз болмай тұрмайтынын бәріңіз де жақсы білесіздер. Бұл жолы да солай болды және халықтың тарапынан жарыққа қатысты сұрақтар қойылып, талап-тілектер айтылған еді. Жылдан көптің сауалдарына жауап беріп, өтініштерін тыңдаған «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-нің ауданымыздағы бөлімшесінің басшысы Жүсіп Фабит Елбергенұлы айтылған сұрақтардың бәрін ескеріп, тиісті шаралар көруге уәде берген болатын. Алайда, арада өткен алты айдың ішінде жиында көтерілген бұл мәселелер сол күйі шешімін таба қоймады. Сол себепті де жуырда ғана Парасаттың мүшесі, ҚР Журналистер Одағының мүшесі Біржан Саржан «Fasebook» әлеуметтік желісіндегі өз парақшасында «Күн энергиясы станциясының аудан халқына пайдасы қандай?» деген тақырыпта пост жариялады. Біржанның постына пікір білдіріп, бұл мәселе бойынша аудан халқына ашықтама беруге дайын екендігін білдірген мекеме басшысы Фабит Елбергенұлына біздер «Парасат» клубының атынан шығып, ашық есік күнін өткізуге екіжақты келісімге қол жеткізген болатынбыз және бұл жайында өзіміздің әлеуметтік желідегі парақшамыз арқылы аудан жұртшылығын хабардар еткенбіз. Содан бері телефоннымыз тыным таппады, ауданымыздың түкпір-түкпірін жерлестеріміз хабарласып, жарыққа толыққанды жарымай отырғандықтарын мәлімдеумен болды. Сонымен, алдын-ала белгіленген уақытта ауданымыздың ауылдарынан және Шолаққорған ауылынан 30 шақты азамат жиылып келіп, «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-нің С. Қожанов көшесінде орналасқан ғимаратының мәжіліс залында бас қостық. Басқосуға аудан әкімдігінің ТКШ және АЖ (ЖКХ) бөлімінің басшысы Байзақов Дулат, Шолаққорған ауылының әкімі Елібаев Әділ және Парасаттықтар мен жергілікті тұрғындар қатысты. Жиылған жұрттың сауалдарына жауап беріп, талап-тілектерін тыңдау үшін халықтың алдына мекеме басшысы Фабит Елбергенұлы мен жарық тарату жөніндегі орынбасары Саддықов Елдос шықты.

Жиынды Фабит Елбергенұлының өзі сөз сөйлеп ашты да бірден сұрақ-жауапқа көшсек деп ұсыныс айтты. Алғашқы боп сөз алған жоғарыдағы посттың авторы Біржан

Саржан және Жібек Жолы 2 көшесінің тұрғындары соңғы бірнеше жыл бойы жарыққа жарымай қойғандарын, әсіресе қыста жылыту маусымы, жазда шілде уақытында көшелерінде тоқтың кернеуі мүлдем төмендеп кететінін мәлімдеді. Тіпті, осы ток кернеуінің күрт төмендеуінен үйлеріндегі тұрмысқа қажетті техникаларының күйіп кетіп жатқанын ашына айтты. Егер, аптап ыстықтарда тоңазытқыш пен кондиционер қоса алмайтын болсақ, онда несіне жарыққа ақша төлеп отырмыз? – деді. Тағы да: «Созақ ауданы Шолаққорған ауылының территориясында күн сәулесінен электр энергиясын өндіретін станция салынғанына 3 жылдан астам уақыт болды. Жобаны германиялық «Green Energy 3000 Holding» компаниясы жеңіп алып, құрылысын жүргізгені белгілі. Құрылыс жұмысы аяқталған соң, 50 адам жұмыспен қамтылуы керек болған.

Жобаның жоспары бойынша – 50 МВт электр энергиясын өндіру болса, оның тұтынушысы болып «KEGOC» АҚ табылып отыр.

**Сұрақ: Созақ ауданының халқына қандай пайдасы бар?**

Зиянын ауыл тұрғындары, пайдасын «KEGOC» көріп отыра беруі керек пе?

«Жергілікті бюджетке қанша салық төлеуде?».

Бұл сауалға Жүсіп Фабит мырза: «Біржан сен қозғап отырған станцияның қызметі жайлы жауап беру менің құзіретіме кірмейді. Дегенмен, менің білуімше бұл станцияның өнімін өзің айтып отырған «KEGOC» АҚ иемденіп отыр. Мұнан әрісін жоғарғы жақтан сұрау керек шығар. Ал енді, Жібек Жолы 2 көшесінің ток кернеуінің төмендігіне келсек, өзің де білесің бірнеше рет барып көрген болатынбыз. Шынында, бір шетінің ток кернеуін көтеріп берсең екінші шетінде төмендеп кетіп жатады. Әрине, осылай екен деп қол қусырып отырғанымыз жоқ, бізде «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС-де «инвест программа» деген бағдарлама бар. Сол бағдарлама бойынша басқармаға ауданымыздың бірнеше көшелерінің жарық таратушы құралдарын (трансформатор) жаңарту жөнінде ұсыныстар бергенбіз, қазіргі таңда хабарын күтіп отырмыз» деп жауап қайырды. Осы тұста әңгімеге аудан әкімдігінің ТКШ және АЖ (ЖКХ) бөлімінің басшысы Байзақов Дулат араласып: «Бұл мәселе бойынша

аудан әкімінің тапсырмасымен ауыл әкімі Әділ Елібаев және Фабекөң үшеуіміз ақылдасып, құны 81 млн теңге тұратын арнайы жоба жасалды. Жобаға тек Жібек Жолы 2 көшесі ғана емес, ауданымыз бойынша осындай трансформаторын ауыстыруды қажет ететін бірнеше ауылдар мен көшелер де кіреді. Бұйыртса, қыркүйек айында аудандық бюджетті бекітуге арналған мәслихаттың отырысына кіргіземіз. Егер, жоба қолдау тауып жатса тұрғындардың трансформаторға қатысты түйткілдерін шешіп береміз деп отырмыз» деп қысқа да нұсқа жауап берді. Мұнан әрі қарай сөз алған: Шамағанбетұлы Мүсір, Батыров Тайжан, Абурайхан Ашымұлы, Жайлауов Қанат, Нұржанбаева Ақбота, Сматава Эльмира және Сызған ауылынан келген аудандық қоғамдық кеңестің мүшесі Сержан Бегманұлы сынды азаматтар мен азаматшалардың барлығының көтерген мәселелері ортақ болды. Атап айтар болсам, тек бұл кісілерді ғана емес аудан халқының басым көпшілігін алаңдатып жүрген мәселелер мыналар еді:

1. Осы жарықты беруші және таратушы компания мен тұтынушылар арасында жасалған екі жақты келісім шарт қайда, жоқ болса неге берілмеген?

2. Сол баяғы трансформаторды жаңалап, төмен ток кернеуін көтеру мәселесі.

3. 380 ВТ кернеуді тұрғындардың үйіне кіргізіп беру ақылы ма, ақысыз ба?

4. Тұтынушыларға соңғы кездері қағаз түбіртек неге келмей қалды?

5. Тұрғындардың үйіне жағылған жарықтың есептік көрсеткішін жазып алуға барған қызметкерлеріңіз неге бұл қызметті өтерде үй иелерін қатыстырмайды?

6. Соңғы кездері ауданымызда осы электр жарығын есептегіш (счетчик) құралдардың пломбасы кесіліп, мөрленген қағазының жыртылу және әдеттегі төлеп отырған жарық ақысына қарағанда жылдың соңындағы жаққан ақылары өте жоғары көлемде қымбаттап келіп отыру оқиғалары жиілеп кетті. Нәтижесінде, тұтынушылардың өздері кінәлі деп табылып, үлкен көлемде айыппұл төлеу жағдайы көбейген. Егер, тұтынушы айыппұл төлеудің әрекетін қарастырып ізденсе, осы мекеменің жарық тарату жөніндегі орынбасары оларды счетчиктерін облыс орталығына апарып, экспертизадан өткізіп келуге жұмсайтын көрінеді. Осы арада

заңды немесе заңсыз?

8. Тағы да әлгі жоғарыда айтқанымыздай жылдың немесе тоқсанның соңында жарыққа төленетін сумма жиналып, көбейіп келгенде түрлі тарифпен төлету оқиғасы да орын алған. Бұған не дейсіздер, осы сумманы бір ғана тарифпен төлеуге болатын заң жоқ па, әлде сіздерге солайы тиімді ме?

9. Осы «Оңтүстік Жарық Транзит» мекемесінің қызметкерлерінің, оның ішінде жарық тарату жөніндегі орынбасар мен оның қарамағындағы жігіттердің тұтынушымен арадағы қарым-қатынастары сын көтермейді. Олардың тарапынан үнемі дерексіз көрсету, тұрғындарға дұрыс жауап бермеу фактілері жиі орын алып отырған. Бір сөзбен айтқанда, аталмыш мекеме қызметкерлерінің әрекеттері әдепке де қазақы әдетке де жат. Осы орайда нендей жұмыстар атқарып, шаралар қолданудасыздар? Біздіңше, сіздердің қызметкерлеріңіз өздерінің кім, халықтың кім екенін ұмытқан!».

Ал енді, өз кезегінде «Оңтүстік Жарық Транзит» мекемесінің басшылары мен «Энергопоток» ЖШС-нің өкілі тұтынушылар тарапынан қойылған сауалдардың біразына жауап бере алса да, біразына жауап бере алмады. Себебі, сауалдар олардың қызметтік деңгейінен асты. Яғни, қайсыбір сұрақтардың жауабы менен тұрғындар білдірген кейбір өтініштерге назарға алу облыстық басқармаларының немесе одан да жоғарыдағылардың құзіретіне кіретін болып шықты. Міне, осы және тағы да бір себептермен «Парасаттықтар» ауданымыздың жарығына жауапты аталмыш мекемелердің облыстық басқармасына хабарласып, тұрғындардың бірқатар сауалдарына жауап беріп, сын-ескертпелерін назарға алу үшін жұмысшы топ жіберулерін өтінген болатын. «Оңтүстік Жарық Транзит» және «Энергопоток» ЖШС-нің басқарма басшылары халықтың талап-тілегіне құлақ асып, сол күннің ертесіне арнайы өкілдерін жіберуге уәде берді.

Не керек, басқарма басшылары уәделерінде тұрып, ертесі күні-ақ жұмысшы топтарын жасақтап, «Созақ қайдасың?» деп аттандырып та жіберді. Сондай-ақ, басқарма өкілдері алдын-ала ескерткен соң біз де алдыңғы күні жыныға қатысқан аудан және ауыл тұрғындарының басқарма өкілдерімен кездесуіне ықпал еттік.



# тарықпасын десек

Дегенмен, күткен қонақтарымыз түске жақын келді де жиылған көптің бірсыпырасы бұл уақытта айтатын талап-тілектерін тағы да пысықтап, шаруаларына кеткен еді. Қалған бір он-он бес адам («парасаттықтармен» бірге) кешігіп келген жұмысшы топпен амандасып, жөн сұрасып алған соң, бірден әңгімеге көштік. Сонымен, ауданымызға аттай қалап алдырған өкілдеріміз мына төмендегі азаматтар боп шықты:

«Оңтүстік Жарық Транзит» тің басқармасынан Әлімжан Садуов, Батырхан және «Энергопоток» ЖШС-нен Серікбай Бағдат Мұхтарұлы мен Артықов Рүстем Наурызұлы. Мұнан әрі сөз алған «Парасаттық» төрағасы мен, Бек Данияр Құл-Ахмедұлы келген меймандарға кешегі басқосуда болған біткенді қысқаша әңгімелеп бердім. Сондай-ақ, онсыз да меймандарды күтуден кеткен уақытымызды үнемі мақсатында жоғарыда аталған 9 мәселенің қағазға түскен мәтінін қолдарына ұстатып, ауызекі түсіндіріп беруге кірісіп кеттім. Келген өкілдердің арасынан «Энергопоток» ЖШС-ның бас аналитигі Бағдат Мұхтарұлы суырылып шығып, жиылған жұрттың сауалдарына жауап беріп, сын-ескертпелерін тыңдауға әзір екенін білдірді. Не керек, жағдайға әбден қаныққан Бағдат Мұхтарұлы мен әріптестерінің аудан тұрғындарының кеше аудандық деңгейде жауап ала алмағандарына және жауабы алынса да тағы бір пысықтауды қажет ететін сұрақтарына берер жауабы төмендегідей болды:

Бірінші мәселе бойынша, негізінен бізбенен тұтынушыларымыз арасында келісім шарт бар. Тек, ол келісім шарт ҚР Энергетика министрінің 2017 жылғы 23 қазандағы №356 бұйрығына орай жария келісімшарт ретінде жасалып, облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінде толықтай жарияланған болатын» деді. Осы орайда әңгімеге біздің, яғни, тұрғындардың араласуымызға тура келді. Сондағы айтқанымыз: «Жарайды солай-ақ болсын, сіздердің министрдің бұйрығы бойынша тұтынушылармен жария келісімшарт түзеді екенсіздер. Әрине, мұның заңдылықтарын алдағы уақыттарда ата заңнан қарай жатармыз. Дегенмен, мына сұраққа жауап беріңіздерші: «Мейлі, сіздер аталмыш келісімшарттың мәтінін облыстық газетке жарияладыңыздар, енді ол мәтіннен облыс тұрғындарының

барлығы дерлік хабардар болғанына сенімдісіздер ма? Айналайынау, жарық жайлы жария келісім шарт шығатын еді деп, облыс халқы азаннан қара кешке дейін газеттің әр санын аңдып отырмайды ғой. Оның үстіне, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің тиражы да бүкіл облысты қамтитындай емес екенін басқа-басқа журналист мен жақсы білемін. Сол себепті де сіздер мүмкін болса, сол жария келісімшартты бізге беріңіздер, біз де аудан БАҚ-та, әлеуметтік желілерде жариялап халықты хабардар етейік! Тұтынушыларыңыз біліп отырсын, жарық жеткізуші монополист компаниялар мен өздерінің міндеттері мен құқықтарына не кіретінін. Бәлкім, сонда ғана 30 жыл бойы қордаланып, кешелі бері талқыланып жатқандай келеңсіз жәйттар орын алмас.

Өкілдер біздің бұл ұсынысымызбен толықтай келісті және келесі сұраққа:

«Екінші мәселе бойынша, біз де «инвест программа» деген болады. Міне, сол бағдарламаның аясында ескірген трансформаторларды жаңарту біздің міндетіміз. Жаңа сөз болған, сіздер айтып отырған жарық жарнасынан жиналған қызметтердің ішіне бұл да кіреді. Алайда бұл деген сөз, аймақтардан ұсыныс түсті екен деп, бас салып қаржы бөлеміз деген емес. Керісінше, мұқият зерттейміз. Егер, осы күнге дейін жұмыс жасап келген трансформаторлар орналасқан аймақтан жаңа ықшам аудан, көшелер мен үйлер түсіп, осы трансформаторға жалғанған себепті токтың кернеуі азайса, бұл ретте трансформатор қою жергілікті биліктің жұмысы. Ал енді, бұрыннан жұмыс істеп жатқан трансформатор әбден ескіріп, жаңартуды қажет етсе, онда оны жаңалау немесе жөндеуден өткізу біздің жұмысымыз» деп жауап қайырды.

Үшінші мәселе бойынша, тұрғындардың үйіне 380 кернеулі ток кіргізіп беру негізінен ақысыз жұмыс. Нақтырақ айтсақ, көшеден келген электр бағанасынан 380 кв токты СИП кабельмен тұрғын үйдің сәткіне дейін жеткізу жұмысы тегін. Ал, сәткіктен әрі қарай бөлмелерге немесе т.б жайларға желі тарту т.б қызметтер ақылы болып табылады. Ол жұмысты қаласаңыз, таныс электрліктеріңізге, қаласаңыздар біздің электрліктерге (жұмыс уақытынан тыс кезде) жүргіздіре аласыздар.

Төртінші және бесінші мәселе бойынша, өздеріңіз де білесіздер

соңғы кездері елімізде цифрландыру жұмыстары жүріп жатыр. Бұл ретте біз де тұтынушыларымыздың телефондарындағы ватсаптан арнайы Энергопоток Бот ашып қойғанбыз. Түбіртекке қатысты мәліметті сол жерден ала аласыздар».- Тағы да осы жерде әңгімеге біздер араласып: «Дұрыс қой, бүкіл әлемде, елімізде орын алып отырған цифрландыруға біз қарсы емеспіз, керісінше, қос қолдап қолдаймыз. Себебі, бұл ертең сыбайлас-жемқорлықтың алдын алуға септігін тигізеді және жұрттың жұмысын жеңілдетеді, қағазбастылықтан құтқарады т.б. Дегенмен, ауылдарда интернеттің әлі қол жетімсіз және бұқара халықтың көпшілік бөлігінің бұл қызмет түрлерін игеруде әлі де шала сауатты екенін де ескерген жөн шығар. Осы ретте, қашан жоғарыда келтірілген кедергілер жойылғанға дейін сол қағаз түбіртекті жібере тұрсаңыздар. Оның үстіне, Каспий және Халық банктің онлайн қызметтері арқылы төлеп жүрміз, онда тек сәткіктің алдыңғы және соңғы көрсеткіші мен айырмасын көрсетіп тұрады. Ал, қай тарифпен төленгендігін көре алмаймыз. Тағы да, бесінші мәселе бойынша жоғарыда айтылған жарықтың көрсеткіші әр айда әртүрлі келеді, тіпті, кей айларда жүде көп есептеліп келеді дегенге жауап берсеңіздер және алдағы уақыттарда осындай келеңсіздіктердің алдын алу үшін қызметкерлеріңіз көрсеткіш алуға келгенде үй иесін де қатыстырса деген өтінішіміз бар» дедік. Сөзімізді мұқият тыңдаған жұмысшы топ өкілдері: «Жалпы, сауалдарыңыз да өтініштеріңіз де орынды. Бесінші мәселе бойынша, «Энергопоток» ЖШС-нің жергілікті бөлімшесіне барып өтініш тастаңыздар, сол уақытта сіздерге қағаз түбіртек апарып беретін болады. Ал енді, жарыққа төлейтін төлемнің бірде дұрыс, бірде көбейіп келетініне тоқталсақ, сіздердің алаңдауларыңыз орынды. Бізде кейде адам факторы орын алып, қайсыбір қызметкерлеріміз көрсеткіш жазуға бармай қояды, сыртынан жобамен жазып. Нәтижесінде, келесі айларда артық энергия жағылып, жыл аяғында көп кв шығады дағы келесі, қымбат тарифтермен есептеу орын алатын жағдайлар болады. Өздеріңіз де байқайтын шығарсыздар, бізде сол көрсеткіш жазатын қызметкерлерді жұмыстан шығару оқиғалары көп орын алып жатады. Себебі, осындай заң бұзушылықтар анықталған жағдайда оларды

жұмыстан шығаруға тура келеді. Міне, осы ретте мұнан былай көрсеткіш алғанда тұтынушыны қатыстырыңдар деп тиісті мекемеге ескертеміз»-деп жауап берді.

Алтыншы мәселе бойынша, арнайы қызметтік тексерістер жүргіземіз, егер осындай оқиғалар орын алған болса, тиісті қызметкерлерге шара көреміз. Ал енді, болашақта осындай жағдай қайталанбас үшін сәткіктеріңізді арнайы жәшікке орналастырып, сыртына құлып салу сіздердің құқықтарыңыз. Тек, қажетті техникалық тексерістер кезінде қызметкерлерімізге ашып көрсетсеңіздер болды. Сосын, бұдан былай көрсеткішті смартфон деген құрылғымен алатын боламыз. Сол смартфон түсіретіндей етіп көрсеткіштің бетінен ашық қалдырсаңыздар, қызметкерлеріміз сіздердің куә болуларыңызбен түсіріп алады әрі сіздер түсіріп ал-

саңыздар болады. Ал, түрлі тарифпен есептеуге келсек, мұның да шешімі бар. Тек, ол үшін де энергопотокқа барып, ортақ тарифпен есептеуге арнайы өтініш жазасыздар. Ал мына, жарық қызметкерлерінің сәткік сату әрекеттерін де тексеріп, анықтаған соң сіздерге бұл және өзге заң бұзушылықтар жайында сіздерге жазбаша жауап қайырамыз. Дегенмен, біздің қызметкерлеріміздің сәткік сатулары дұрыс емес. Тұтынушылардың сәткікті қалаған жерінен алуға құқы бар, тек, талапқа сай болса болды.

Жетінші мәселе бойынша, жоғарыда аталған түрлі себептермен жағылған электр энергиясының ақысын төлеуді кешіктірген жағдайда, желіні бірден кесу заңсыз. Алғашқы бір, екі айда сіздердің смартфондарыңызға қарыз екендіктеріңіз жайлы ескерту хабарламасы келуі тиіс. Егер, бұл аралықта да төлей алмасаңыздар үшінші айда бес күн бұрын тағы ескертеді. Мұнан кейін де төлем төленбесе, сонда барып жарықты кесеміз және оны қайта жалғатудың қызмет ақысы бар-болғаны 978 теңгені құрайды және оны қолма-қол емес «Қазпочта» мекемесі арқылы төлейсіз.

Сегізінші мәселе бойынша, жоғарыда жауап беріп кеттік.

Тоғызыншы мәселе бойынша, сіздердің сын-ескертпе, талап-тілектеріңіздің бәрін жазып алдық. Барған соң басшылыққа жеткіземіз. Бәріміз де халыққа қызмет істеушіміз, сондықтан тұтынушының ой-пікір, талап-тілегі қай кезде де орынды. Алдағы уақыттарда тиісті қызметтік тексерістер жүргізіп, тиісті шаралар қабылдауға уәде береміз және сіздерге жазбаша жауап беруге тырысамыз. Осылай ел игілігін ойлап, жұмыс жасап жүрген сіздерге рахмет!

-Иә, сіздерге де елдің, Теріскей жұртының өтінішіне құлақ асып келгендеріңіз, тұтынушылардың сауалдарына жауап беріп, сын-ескертпелеріне құлақ түргендеріңіз үшін алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Халқымыздың Жаңа Қазақстаннан, Екінші Республикадан күткені де осы ашықтық. Осы басқосуды ұйымдастырған барша азаматтарға да алғысымыз шексіз! Ел үшін, қоғам үшін қайта бас қосқанша ел аман, жұрт тыныш болсын! Жария келісімшартты газетіміздің келесі санында жариялайтын боламыз!

Данияр БЕК.



## Псевдосалафиликтің алдын алу

Қазіргі уақытта қоғамды алаңдатып отырған, әліде өзінің өзектілігін жоғалтпаған басты мәселелердің бірі – жат ағым. Қазақстан соңғы он бір жылдықта діни алауыздықтан ауыр зардаптарын шегіп келеді. 2011 жыл, 2012 жыл, 2016 жыл және 2022 жыл Қазақстан тарихында террорлық оқиғаларымен есте қалды. Тіпті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев сол кездері болған қанды қырғынды жат ағымның өкілдері жасады деп ресми мәлімдеген болатын. Ал 2022 жылы болған «Қаңтар оқиғасы» мемлекетіміз үшін зор сынақ болды. Онда елімізде деструктивті діни ағым деп танылған «Якин Инкар» ұймының мүшелері қатысқаны белгілі болды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан Республикасының дін туралы заңында діни бірлестіктердің қызметіне толық бостандық берілді, яғни 1992 жылғы 15 қаңтарда «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңы қабылданып 2011 жылғы 11 қазанда өз күшін жойды. Бұл аралықта елімізге заң аясында көптеген халықаралық діни ұйымдар, соның ішінде деструктивті діни ағымдар да шоғырланып үлгерді. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік ел болғасын, мемлекет өз азаматтарының белгілі бір рухани ғұрыптардың орындалуына кедергі келтірмей, діни таңдау құқығын мемлекет адамға (азаматқа) өз еркіне берілген. Әрине, мұның барлығы еліміздің тиісті заңнамасына қайшы келмесе. Яғни, адамның діни сенім бостандық құқығы өз еркінде, ал егер өзінің жат, теріс ойларын насихаттайтын болса, басқаларды тарта бастаса, онда мемлекет шектеу шараларын қолданады.

Дін – қоғамның ажырамас бөлігі болғандықтан әсіресе жастарымыздың діни санасы деструктивті ағымның ықпалынан адасып түсіп жатқандар да аз емес. Бүгінгібұқарахалықтың басым көпшілігі арасында псевдосалафизм сияқты деструктивті діни ағымға тыйым салу туралы мәселе көп көтеріліп жүр. Неліктен біз оған заң жүзінде тыйым салмаймыз? Себебі псевдосалафилер еш жерде ұйым ретінде тіркелмеген, олар қауымдастық ретінде әрекет етпейді. Ешкім ресми түрде: «Мен салафимін» деп жар салмайды. Біз бұл жеке адамдар екенін білеміз, олар өздерін Ислам дінін ұстанушыларымыз деп санайды, бірақ олар ұйым ретінде әрекет етпейді. Әйтседе, бұл – идеология, көзқарас, ой, тек наным-сенімдер жүйесі ғана болып табылады. Бұл мемлекеттің тыйым салуды көздемейтіндігіне нақты дәлел. Бірақ, мемлекет осы деструктивті идеологияның таралуына тыйым салу құқығын өзіне қалдырады.

Дінтанушы сарапшылардың тәжірибіне сүйенсек псевдосалафизм идеологиясы бастапқы кезде өзіндік ерекшеліктерімен көзге түссе, кейін қоғамға сіңісу мақсатында өздерінің ұстанымдарын өзгертумен айналысуда. Яғни идеологияларын трансформациялау арқылы қоғамның бір мүшесі ретінде өздерін жасыруға көшті. Мысалға қазақ жұртының қалың бұқарасы уахабистер өз атауын «салафиттер» деп өзгерткендігі туралы жақында ғана білді. Салафиттер өздерін Ислам шеңберіндегі жеке және «ең дұрыс» діни ағым ретінде жариялайды. Салафизм деген термин ХХ ғасырдың басында қалыптасқан, осы бағытты насихаттаушы Әлбани: «біз уахабилер емеспіз, салафиттер жолын ұстанамыз» деп жариялағаннан кейін өз атауларын өзгертуге себеп болған. Бұл оған дейін тарихта «Уахабилер қозғалысы» деп танылған. Салафизм мен уахабизм екеуі бір ұғым.

Салафизм сөзінің шығу тегіне келетін болсақ, «салаф» деген алдыңғы өткен буын. Мұхаммед пайғамбар «ең қайырлы буын ол – менің буыным» деген. Ғұламалар пайғамбар, сахабалар өмір сүрген үш ғасырды қайырлы кезең деп атайды.

Псевдосалафизм идеологиясының заңды, мемлекеттік билікті мойындамайтындығы немесе қолдамайтындығы белгілі. Бұл тенденцияның мақсаты мемлекеттіліктің жалғыз түрі – халифат, ал шариғат – құқықтық реттеудің бірден-бір жолы деп есептеуді және қасиетті құран мен хадисті теріс интерпретациялауға бейімделген идеология болып табылады. Псевдосалафизм идеологиясының ең маңызды элементі – ислам мемлекетін құру үшін күресу, жиһад идеясын бұрмалап тарату.

Бүгінгі таңда деструктивті діни ағым идеологияларын насихаттау біршама жүйемен іске асырылады. Ақпаратты кітап күйінде және интернет желісінде жаппай мыңдаған жалған діни ақпараттар таратумен айналысады. Осы материалдарды сараптау мақсатында Қазақстанда төрт мемлекеттік органға әлеуметтік, табиғи немесе техногенді төтенше жағдайлар кезінде интернет және байланыс құралдарын бұғаттау құқығы берілді. Осы мекемелер тарапынан жыл сайын интернет ресурстарында 100 мыңға жуық сайттар, күдікті материалдар бұғатталуда.

Еліміздегі діни ахуалды тұрақты ұстау үшін мемлекет тарапынан аз жұмыстар атқарылып жатқан жоқ. Тыйым салынған діни ағымдардың іс-әрекеттеріне тосқауыл қойылып, деструктивті діни ұйым өкілдерінің шырғауында кеткен адамдарды қоғам қатарына қайта қосу үшін әртүрлі шаралар қолға алынған. Жат діни ағымдардың іс-әрекеттеріне, экстремизмге тосқауыл қоюдың ең негізгі құралы ол – профилактика, яғни, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының тиімді жүргізілуі және оңалту жұмыстарын ұйымдастыру. Экстремизмге қарсы күрес жүргізуді екі жолмен жүзеге асыруға болады: ең алдымен, «оқшауланып» кетпеген, экстремисттік идеологияның қақпанына түспеген халықты ескерту мен олардың арасында профилактикалық жұмыстарды белсендірек атқару арқылы. Мұндай жұмыстарға жоғары білімді, білікті теологтармен қатар, психологтар, педагогтар мен дінтанушылар, қоғамдық ұйымдар мен құзыретті органдардың қызметкерлері бірлесіп үйлесімді атсалысып, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын тағы да тиімдірек жүзеге асыру қажет. Ал екінші жол бойынша «оқшауланған» идеологияға жақтасқандармен кешенді түрде тікелей жұмыс жүргізу, әрі оларды қайта оңалту жолдарын, айла-тәсілдерін зерттей отыра, ондай шараларды іске асыруды қолға алу бүгінгі күніміздің талабына айналды.

**А. ДҮЙСЕН,**

**Түркістан облысының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ теолог маманы.**

Мемлекеттің тұрақты дамуының негізі – бәсекеге қабілетті жастар буыны, ал бұл тікелей жас қазақстандықтардың білім мен білік сапасына, ойлау санасына және олардың ұмтылысы мен ынтасына байланысты. Бүгінгі таңда Қазақстанның халық саны 19 миллионға жеткендігін және 4,2 миллионнан астам адам (немесе 23 пайыздан жоғары) жалпы алғанда – бұл 14 жас пен 29 жас аралығындағы жастар екендігі мәлім.

Жастар – қоғамның қозғаушы күші. Түрлі жаңа технологияларды тез меңгеретін, жаңашылдыққа дайын болатын, жаңалықтар мен тың идеяларға серпін беретін қоғамның ең өзекті бөлігі жастар екендігі даусыз және де қоғамның ең иілгіш және сенгіш тобы деп айтсақ та артық болмас.

Тәуелсіз еліміздің кішкене ғана ғұмырында дін саласы көптеген өзгерістерге еніп келеді. Жастардың діни сауаттылығы – қазіргі қоғамда күрделі әрі өзекті мәселелердің бірі. Жастардың рухани санасын оятуда діннің алар орны ерекше. Ұлттың бүгінгі мен келешегі – білімді жастың қолында. Анығырақ айтқанда, тарихи терең білетін, ұлттың рухани құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақ қана ел болашағын қалыптастыра алады. Адам діни сауаттылығын арттыру арқылы қоғамға, қоршаған ортаға деген көзқарасы қалыптасып, кемелденуіне құбылысы жүзеге асады. Жастардың рухани және діни сауатты болуы – кезек күттірмес мәселелердің бірі. Көп нәрсе білімсіздіктен туатыны даусыз.

Өкінішке орай, теріс діни ағымның ығына жығылған жастарымыздың саны бір кездері күрт өсті. Жаһандану дәуірінде түрлі-түрлі рухани қауіп-қатерлердің бар екендігі және жастарды «бұқаралық мәдениеттің» зиянды әсерінен қорғау маңызды рөл атқаруда. Өскелең ұрпақ арасында салауатты өмір салтын насихаттау, жастардың санасын бөтен идеялардың ықпалынан қорғау, ақпараттық шабуылдарға қарсы идеологиялық иммунитетті қалыптастыру, қылмыстың, құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға көмектесу, жастарда патриотизм сезімін арттыру қажет. Өскелең жас ұрпақтың рухани-адамгершілік білімін дұрыс қалыптастыру, оны түрлі қауіп-қатерлерден қорғау, сананы көтеру – рухани-ағарту саласындағы басты мақсаттардың бірі.

Жастарымыздың жат діни ағым жетегіне кетудің ең алғашқы, басты себебі – діни білімсіздік. Дінге толық танып-біліммен келмей шала сауатпен, эмоционалды сезіммен келіп, өзінің қалай адасқанын аңғармай жатады. Білімсіз адамның өзіне деген сенімсіздігі, дін төңірегіндегі сұрақтар туралы кішкене болса да ақпараттың болмауы, ненің ақ? ненің қара? екенін ажырата алмай жатады. Жат ағым жетегінде жүрген азаматтардың басым көпшілігінің діни сауаты жоқ.

Келесі бір жастарымыздың адасуына себепкер – ғаламтор мен әлеуметтік желілер. Өкінішке орай, әлеуметтік желілер мен ғаламтор беттерінде тыйым салынған уағызшылардың уағыздары, экстремисттік сипаттағы топтардың әлеуметтік желілерде, адамды қызықтыратын

түрлі материалдармен бөлісуі, жастардың ақпараттарды дұрыс сүзгіден өткізе алмауы адасуға әкеліп соғуда. Әлеуметтік желілерде ақпараттардың ашық болуы, әр алуан мағлұматтардың көптігі жастарымыздың санасының улануына себепкер болуда.

Теріс жолға түсіп кетпедің, идеологияның құрбаны болмаудың тағы бір өзекті мәселелерінің бірі – отбасыдағы тәрбие. Әке-шешенің, туғантуыстың беретін тәрбиесінің мардымсыздығы немесе ата-анасы толық емес отбасылардан шыққан балалардың,

дәстүрлі емес ағым соңына еріп кеткендігін айта аламыз.

Адамның қоғам ортасында өзінің орнын таба алуына себепкер болатын тағы бір фактор – өскен ортасы, құрбы-құрдасы, достары және жұмыс орны. Халық даналығындағы: «Достарыңды көрсет, мен сенің кім екеніңді айтайын» сөзі босқа айтылмаса керек. Балалық шақтан бірге өскен ортасы қандай болса, бала сол жақа бүйрегі бұрып тұратыны анық. Байқасаңыз, иманды, діни ортада өскен бала барынша діни азамат болып өседі, спортқа әуес

## ЖАСТАР ЖӘНЕ ДІН

жан жылулығын жан-жадан таппай, көшеден іздейтіні тағы бар. Күн-көрістің қамымен жүріп, күйбең тіршіліктің соңына ілесіп, балаға тәрбие беруге келгенде өкінішке орай, салғырттыққа салынып жатырмыз. Әл-Фараби бабамыздың: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген даналық сөзі еріксіз еске түседі. Ұяда дұрыс тәлім-тәрбие ала алмаған бала, ұшқанда тағдырдың қатал қатпарларына соғылары анық.

Жалпы қоғамдағы өзекті мәселенің бірі – әлеуметтік жағдайдың тұрақсыздығы және жұмыссыздық. Тұрақты табыс көзі жоқ азаматтар, арам пиғылды дәстүрлі емес діни ағым өкілдерінің құрығына тез ілігеді. Жұмысқа тұрғызу, қаржылай көмек беру, баспанамен қамтамасыз ету секілді тұрмыстың жақсаруына себепкер болатын дүниелерді ұсынып, өздерін жақсы көрсетіп, қарапайым халықтың адасқан екендігін түсіндірумен әлек болып жатады. Тұрмыстық тауқыметтің ауыр кезеңінде қол үшін берген азаматтардың қандай да бір өтінішін немесе бұйрығын орындау ол азаматқа түкке тұрғысыз оп-оңай іс болып қалады. Өзін лаңкес санап, түрлі жан түршігерлік оқиғаларға барып жатқан азаматтарды мысалға келтіре аламыз.

Тағы да бір әсер ететін фактордың бірі – психологиялық күйзеліс. Жас кезінде алған кейбір психологиялық соққы, болашағының бұлыңғырлануына себепкер болуы әбден мүмкін. Отбасындағы зорлық-зомбылық, ата-анасының немесе жақын туыстарының ішімдікке, нашақорлыққа әуес болуы, достарының арасында абыройсыздық немесе белгілі бір жағдайларға байланысты өзін жайлы сезіне алмауы, кейбір жағдайларда өзінің жасаған ісінен қатты қорқуынан, ұялуынан, ыңғайсыз сезінетіндігінен психологиялық күйзеліске ұшырап, ауыр соққы алуы әбден мүмкін. Осындай қиын қыстау кезеңдерде жанында демеу болатын адамның табылмауына байланысты, жат ағым жетегіне еріп жатады. Ағым өкілдері арасында азаматтың бұрынғы өмірі маңызды емес екендігін түсіндіріп, сынақ екенін айтып жанын тыныштандыру арқылы сеніміне кіріп, бауырмалдық сезімін ұялатады. Жақын адамы көрсетпеген жан жылулығын, өзгеден табу арқылы өзінің қалай ағым мүшесі болғанын білмей қалған жәйттер кездесіп жатады. Мысалы ретінде кейбір қыз-келіншектердің

болған балалар, белгілі бір деңгейде спортқа ден қойған, физикалық мығым болып келеді. Өкінішке орай, зиянды іс-әрекеттер жиі орын алатын орталарда, жамандыққа бір табан жақын болып өсетіні анық. Адам баласы толықсыған шағында ұядан ұшып, өз күнін өзі көре алатындай жағдайға жеткенде, ақ пен қараны ажырата алатындай дәрежеге жеттім деген кезде, жұмыс орнындағы адамдардың ой-пікірі діни ағым жетегінде кетуге себепкер болуы әбден мүмкін. Вахталық әдіспен жұмыс жасайтын адамдар арасында, құрылыс материалдарын сататын сауда орталықтарында, базарларда, сауда үйлерінде кейбір азаматтардың дәстүрлі емес ағым жетегіне еріп, жаңа бір бауырларымен өзін жайлы сезінетіндігін құлағымыз естіп, көзіміз көріп жүр.

Дәстүрлі емес діни ағымдардың шоғырланған келесі бір орны – күмәнді діни оқу орындары. Еліміздегі жастардың санасының улануына, шет елдерде күмәнді діни оқу ордаларында білім алған азаматтардың тигізген зияны орасан зор. Тәуелсіздіктен кейін, шекаралар ашылып, шет елдерде білім алу қолжетімді болған сәтте, қазақ жастары жапа-тармағай шет елдерге жөнелді. Ең өкініштісі, ол жақтарда біздің ұлттық дәстүріміз бен дінімізге сәйкес келмейтін, басқа бір біліммен сусындады. Шетелге барған, діни сауаты аз жастар, заңсыз хужраларда, тіл курстарында сабақ беретін «шейхтардың» ұлы уағызын бойына сіңіріп, елге қайтады. Елімізге оралған кезде, әр жерлерде қызметке орналастып жастардың улануына себепкер болды.

Қорытындылай келе, жоғарыда көрсетілген түрлі факторлардың шешімін тауып, жастарға жол көрсетіп, жөн сілтеп, дұрыс бағыт-бағдар беру – аға буынның міндеті. Қоғам арасындағы ең белсенді және әлсіз, сенгіш, өмірді тануға деген қызығушылығы жоғары жастардың тобына сенім білдіріп, қолдау керек. Барлық мәселелерді жастардың өзі кінәлі дегенге алып келмей, ел болып, жұрт болып бірге атсалысуымыз қажет. Ел дегенде өміреніп, жұрт дегенде жүгіріп жүріп қызмет ететін жастарды тәрбиелеуіміз керек. Діннің адалдығына еремин деп, жат пиғылды теріс діни ағымдардың алдауына түсіп қалмайық.

**А. ТАҒАЙ,**

**«Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің бөлім басшысы м.у.а.**

**Хабарландыру!**

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2019-2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №13 мекен-жайында, 2022 жылдың тамыз айының 19 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

**Созақ аудандық СЭББ.**

**Сенім телефоны**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарына бұзған жағдайда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына 4-20-88 сенім телефонына хабарласуларыңызға болады.

**Созақ аудандық СЭББ.**

**Электр қондырғыларындағы өрт қауіпсіздігі**

Электр жүйелері мен жабдықтары жоғары өрт қауіптілігін тудыратыны ешкімге құпия емес. Әрбір үйде тұрғындар электр техника және жылыту құралдарын белсене пайдаланады, нәтижесінде аталған кезеңдегі өрттердің басым бөлігі дәстүрлі түрде электр техникаға немесе оларды дұрыс қолданбауға байланысты себептерден орын алады. Өрттің себебі электр сымдарының қысқа тұйықталуы болып табылады. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірыңғай жалпы әдісі, сонымен қатар электр жабдықтарының өрт қауіпсіздігінің жеке әдісі жану көзінің пайда болу қауіпін, тез жанғыш ортаның, өрттің таралу жолдарының пайда болуын жоюды немесе шектеуді көздейді. Өрт қауіпсіздігі талаптарымен элетротехникалық және жылыту қондырғыларын құру мен пайдалану кезінде орындалатын ережелер белгіленген, оларды орындау өзіңді өрттің пайда болу қауіпінен барынша қауіпсіздендіру мүмкіндігін береді. Электр құралдарын пайдаланған кезде:

- электр қуатын қабылдағыштарды (электр құралдарын) оларды дайындаушы мекемелердің нұсқаулықтары талаптарына сәйкес келмейтін немесе ақаулығы бар болған жағдайларда қолдануға, сонымен қатар зақымданған немесе қорғағыш белгілерін жоғалтқан оқшаулаулары бар электр сымдары мен кабелдерін пайдалануға;

- тежегіштердің балқығыш өндірімелері жанып кеткен жағдайда қолдан жасалған өндірімелерді қоюға болмайды, бұл барлық электр сымдарының қызып кетуіне, олардың қысқа тұйықталуына және өрттің пайда болуына әкеліп соғады;

- ашық электр сымдарын бояуға немесе үстінен түс қағаз жапсыруға;

- ақаулы ажыратқыштарды, розеткалар мен патрондарды қолдануға;

- жылу реттегіші жоқ немесе ақаулы электр жылытқыш құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

**М.ӘЛІМ,**

**Созақ ауданындағы № 11 өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы, азаматтық қорғау лейтенанты.**

**Тілсіз жаудан сақтанайық!**

Тұрғын үйлерде өрттің шығуы мен үй мүліктерді жалын шарпуы азаматтардың ұқыпсыздығынан орын алады. Егер де әрбір тұрғын өрт қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтап, оның орындалуын қатаң бақылап, жауапкершіліктерін арттырып, жұмысты ширата түссек, онда тілсіз жау өрттің шығуының алдын алған болар едік.

Өкінішке орай, аудан аумағындағы елді мекендердің барлығында бірдей өрт қауіпсіздігі ережелері қатаң сақтала бермейді. Соның салдарынан жыл сайын тұрғын үй секторларында өрт оқиғалары орын алып жатады.

Әрбір өрт оқиғалары бойынша анықтау жұмыстарын жүргізгенде анықталғаны, тұрғын үй иелерінің төмендегі өрт қауіпсіздік ережелеріне көңіл бөлмеуі, атап айтсақ:

- жас балалардың сіріңкемен ойнау-

ына жол бермеу;

- тұрғындардың отты қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау;

- қолдан жасалған электр қыздырғыштарын пайдаланбау қажет;

- пеш мұржаларын айына 1 реттен кем емес тазалап тұру қажет;

- мал қораны жол бойынан өртке қарсы ара қашықтықты сақтап салу және жабық қорғағышы бар электр желілерін жүргізу керек;

- мал қораның шатыр бөлігіне шөп жинамау және аралық жабынға тас-талған қамысты лаймен жауып тастау керек;

- шөпті жинаған кезде құрғақ болуы, яғни сулы болмау керек және тағы басқа да себептер.

Сондықтан, «Сақ болсаң, сау бола-сың» деген, өз-өздеріңізге ұқыпты болсаңыздар үйлеріңіз де, мүліктеріңіз де аман болып, өрт шалмайды.

**С.СЕЙДАХМЕТОВ,**

**Созақ ауданындағы №11 өрт сөндіру бөлімі бастығының орынбасары, азаматтық қорғау аға лейтенанты.**

**Хабарландыру**

«SH-Minerals» ЖШС, ҚР Экологиялық-деңізінің 57-2 бабына сәйкес 2022 жылғы 15 қыркүйегінде 12сағ 00 мин.Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а.о.Бакырлы (Қаратау) ауылының мәдениет үйі ғимаратында эмиссияларға рұқсат алу мақсатында Будёновское кен орнының №5 учаскесі аймағында сирек металдар мен уранды барлау жоспары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО «Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabiği-resurstar/documents/1?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabiği-resurstar/documents/1?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда және ЖАО сайтында ұсынылады: <https://us04web.zoom.us/j/2923596948?pwd=dVJRZW9QV3N0U0JFZXRMVURJTjZlZWZzOj09>. конференция идентификаторы: 292 359 6948, кіру коды: 8qmaZ7.

Қосымша ақпаратты келесі байланыстар арқылы алуға болады +77073442331, [beisebayev@mail.ru](mailto:beisebayev@mail.ru).

**Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!**

Біздің мемлекетіміз, басқа да көптеген мемлекеттер сияқты, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізуде. Қазақстан-сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қабылдаған және осы мәселе бойынша халықаралық конвенцияға мүше болған алғашқы ТМД елдерінің бірі.Қазіргі уақытта, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ міндеттемелік шарттарын белгілеп, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа

тарту арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерін туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік функцияларды орындайтын мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар және оларға теңестірілген тұлғалардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс органдары, өз қызметі шегінде, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың жұмысында заңдылық режимін үстемдігін қолдайтын, мемлекеттің заңды мүдделерін қорғайтын мемлекеттік басқару жүйесінде маңызды рөл атқарады. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік кірістер органдарының тиімді жұмыс істеуін бұзуы және өз функцияларын орындауын

әлсіретуі мүмкін. Сондықтан, мемлекеттік кіріс органдарында басымдықтарының бірі болып сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу мәселесі тағылады.

Жүргізілетін іс-шараларды тиімді ету мақсатында жыл сайын мемлекеттік кіріс органдарында сыбайлас жемқорлыққа көріністерін шектеуге бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленеді және жүзеге асырылады, сондай-ақ тұрақты түрде сенім телефондары жұмыс істейді.Жоспарланған іс-шараларды іске асыру қылмыстық шабуылдан азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мемлекеттік органдар мен қоғамның белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

**Б.ӘЛИЕВ,**  
**Созақ ауданындағы № 11 өрт сөндіру бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау майоры.**

**ҮЙДЕГІ ӨРТ**

Егер өрт қатты жанып тұрса, онда сіздің негізгі мақсатыңыз тез үйден кету. 101-ге хабарла-сып өрт сөндірушілерді шақырту. Егер өрт қатты жанып тұрмаса да, бірақ үйдің іші қатты түтін болса, үйден тез кету керек. Түтін өрттен де қауіпті болады. Сіздің әрекетіңіз:

Түтіннің ісін сезгеннен кейін үйден тез кетіңіз. Кез келген шүберекті сулап ауызыңыз бен мұрынды жабыңыз сосын еңкейіп (өйткені түтін жоғарыға ұмтылады) бөлмеден кетіңіз.

Егер өрт кішкентай бөлмеде болса, онда есіктер мен терезелерді ашпаңыз, ауа өртті күшейтіп жібереді.

Егер коридор және площадқа өртте және түтінде (темен түсуге жол жабық) болса, онда шатырға көтеріліңіз.

Егер өрт коридорда болса, есікті қатты жауып, сұйық шүберектермен ашық жерлерді жауып, есікке көрпе не пальто іліңіз. Терезені ашып қатты дауыс беріп көмекке шақырыңыз.

Егер сізге біреуді өрттен құтқару керек болса, онда өзіңді арқанмен орап бір шетін далада тұрған адамға беріңіз. Егер сіз есіңізді жоғалтсаңыз, онда сізді арқаннан тартып өрттен алып шыға алады. Ауызымен мұрынды ылғал шүберекпен жабыңыз.

Егер құтқарған адам түтінмен демалып есін жоғалтса, онда оған жасанды дем беріңіз.

Түтінмен уланудың алғашқы белгілері: бастың айналуы, бас ауыруы, жиі демалу, жүрек айналуы, сананы жоғалту.

**Б.АХМЕТОВ,**  
**Созақ ауданындағы №11 өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы, азаматтық қорғау аға лейтенанты.**



Сібір жарасы-адамдар мен жануарларға ортақ аса қауіпті, қоздырғышы жанау механизмі арқылы берілетін, тері қабатының зақымдалуымен организмде қызба және интоксикация сепсис дамуымен сипатталатын жұқпалы ауру.

Ауру қоздырғышы-«Бациллус

Малға ауру микробпен лас-танған жайылым шөбі, ішкен суы арқылы жұғады. Ауа райы ыстық, құрғақ болған жерлерде ауру тез тарайды. Ауру қоздырғышы ауылшаруашылық жануарларының ағзасына түскеннен кейін, көбейіп, қан арқылы тарап, 1-3 күннен кейін ауру ту-

мамандары тегін жүргізеді. Егу жұмыстары кезінде жануарлардың толық егілуін қамтамасыз еткен жөн. Өлген жануарлар тіркелген жағдайда тез арада ветеринар маманға хабарлау қажет, өлген жануарды өз бетінше сойып, жарып көруге болмайды. Ауру малды жасы-

## Мал ұрлығымен күресуге бірлесу қажет

Қазақ халқы қашанда төрт түлік мал өсіріп керегіне жаратып пайдасын көріп отырған. Ауданымыз агро-өндірістік аудан болғанымен халықтың негізгі кәсібі мал шаруашылығы. Малының санын көбейтіп семірте бірі балаларының оқуына, бірі үйін жаңалауға тағы да басқа мақсаттарға жаратуды жоспарлайды.

Алайда өсіріп жаратуға үміттеніп отырған малдарын жоғалту, ұрлату жағдайлары орын алуда. Бұл тек біздің аудан емес Еліміздің барлық аймағында болып жатқан жағдай және малының жоғалуына, ұрлануына мал егерлерінің де жауапкершілігінің төмен екендігі байқалуда. Себебі, малын көшеге шығарып жібере салады, күнделікті қадағалап бақыламайды, сырғалатып бірдейлендіру дерекқорына уақытылы ендіріп, шығарып отырмайды т.б.

Мал ұрлығын болдырмау, ашу мақсатында Қазақстан Республикасы Ішкі істер және Ауыл шаруашылығы Министрліктерінің 2015 жылдың тамыз айында ішкі істер мен ветеринариялық бақылау органдарының ауыл шаруашылығы жануарларын ұрлаулар мен жымқыруларға қарсы әрекет ету жөніндегі өз-ара іс қимылы туралы Бірлескен бұйрығы шыққан. Бірлескен бұйрыққа ішкі істер органдарымен ветеринария саласының мамандарына тасымалданатын мал мен мал өнімдеріне арналған құжаттаманың түгелдігін тексеру (ветеринариялық анықтама) және мал ұрлығын жасауға қатысы бар адамдарды анықтау үшін жедел-профилактикалық іс-шараларды тұрақты негізде өткізу жүктелген.

Ауданымызда жедел-профилактикалық іс-шараны өткізу кезінде қараша айында Шымкент қаласындағы, Түркістан қаласындағы және Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылындағы мал базарларға сатуға алып бара жатқан малдарын Ветеринариялық анықтамасыз тасымалдауға әрекет жасағаны үшін ҚР «Ветеринария туралы» Заңының 25-бап 4-тармағын бұзған 3-азаматқа ҚР ӘҚБтК 406-бап 1-тармағының 2-тармақшасымен 20 АЕК-тен әр қайсысына 61260 теңгеден айыппұл шарасы көрілді.

Осы іс әрекеттері бір жыл ішінде қайталап жасалынса 40-АЕК-тен 122520 теңге айыппұл шарасы көрілетіні ескертілді. Мал егелері осы орын алған заң бұзушылыққа жол бермей малдарын ішкі сауда орындарында сойып сатарда, тірі малдарын сатуға немесе басқа да мақсатқа тасымалдағанда ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақтап, өзінің тұрғылықты ауыл округіндегі ветеринариялық бөлімшелерден ветеринариялық анықтама алуы, малдардың ветеринариялық паспортын ұқыпты сақтауы қажет.

Аудандағы ауылдық, кенттік округтердегі ветеринариялық бөлімшелер ветеринариялық анықтама беретін ветеринар дәрігерлермен, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорына қажетті құлақ-жабдықпен қамтылып, жұмыс жасауда.

Әрбір малы бар азамат малын уақытылы сырғалатып, бірдейлендіру дерек қорына енгізіп, ветеринариялық анықтамасыз тасымалдануына жол бермесе, мал ұрлығын болдырмауға қосқан үлесі және малын тасымалдағанда өзіне қиыншылық туғызбай уақытын үнемдеген болар еді.

Абай УТЕПОВ,

ҚР АШМ ВБЖҚК Созақ аудандық аумақтық инспекциясы бас маман - мемлекеттік ветеринариялық- санитариялық инспекторы.

## Сібір жарасынан сақ болыңыздар!

антрацис» деп аталатын қозғалу қабілеті жоқ, таяқша тәріздес микроб, сыртқы ортада спора түзеді. Спора түрінде микроб сыртқы ортада ұзақ уақыт ондаған жыл бойы өсіп-өну қабілетін жоймайды, аязға, ыстыққа шыдамды келеді. Оттегі микробтың спора түріне айналуына жағдай жасайды, сол себепті сібір жарасына күдікті малды сойып, ішін жарып көруге болмайды. Адамның ауруға шалдығуы көбіне ауру малға күтім жасағанда, сойғанда, терісін алғанда және ауру малдың өнімдерінен жұғуы мүмкін.

дырады. Бұл ауру жануарларда әдетте ауыр түрде өтеді және көбіне ішек жолдарының бұзылуымен басталады. Іштің көбуі, қызудың көтерілуі байқалады, зәрі мен сүтіне қан араласып шығады. Ауру малдың денесінде қанталаған іріңді ісіктердің, жаралардың пайда болуы мүмкін. Ауру асқынғанда мал өледі. Ауруды болдырмау, алдын-алу мақсатында ауылшаруашылық жануарларын жыл сайын сібір жарасына қарсы егу жұмыстары жүргізіледі. Жануарларға егу жұмыстарын ветеринарлық мекеменің мал дәрігер

рып сойып, етін, терісін, жүнін және тағы да басқа өнімдерін саудалау-адамдар мен жануарлардың ауруға шалдығуына әкеледі. Шаруашылық иелері, меншігінде малдары бар мамандар ҚР «Ветеринария туралы» заңға сәйкес мал ауырған немесе өлген әрбір жағдайда шұғыл ветеринар маманға хабарласуыңыз керек. Ауылшаруашылық жануарларын ұстау ережелерін мұқият сақтаңыздар.

**ТО АШМ «Ветеринариялық қызметі» ШЖҚ МКК Созақ ауданы филиалы.**

## Тағамнан уланудан сақ болайық!

Тағамнан улануды арттыратын тез бұзылатын тамақ өнімдері тобына жататын ет, балық өнімдері және майонезбен әрленген салаттар. Және де осы топқа жататын десерттер, май және қаймақ кремдерімен әрленген торттар. Бұл өнімдер ауру тудыратын таяқшалардың тез көбеюіне өте ыңғайлы орта болып табылады. Осындай тағамдардың, әсіресе, майонезбен әрленген салаттардың тоңазытқышта сақталуын 24 сағаттан аспауы тиіс. Егер салаттар әрленбеген болса, оның тоңазытқышта сақталуын 2 тәулікке дейін ұзартуға болады. Алайда, бұл ет, шұжық, жұмыртқа қосылған күрделі салаттарға қатысты емес, күрделі салаттарды әрленбеген күннің өзінде, тоңазытқышта сақталуын бір күннен асырмаған дұрыс. Тамақтан уланудың алдын алу үшін тағамды дайындау және сақтау барысында бірқатар ережелерді сақтау қажет. Егер тағам ет өнімдері мен фарштан жасалса, аталған өнімдерді жеткілікті термиялық өңдеуден өткізу қажет. Котлет пен еттен дайындалған рулеттерді дайындау барысында технологиялық өңдеудің талабына сәйкес, қажетті деңгейде қыздырып, пісіру қажет, керісінше, бұл процедураның орындалмауы, тағам арқылы ауру таяқшалары және вирустарымен жұқтыруға ықпал етеді. Егер тез бұзылатын тағам өнімдері дүкендерде термометрмен жабдықталған тоңазытқыштың сөрелерінде сақталса, онда оның сақталуының нормалық температураға сәйкес келуіне назар аударған жөн. Дүкендерден майонез және қаймақпен әрленген, өлшеніп сатылатын салаттар жиі сатылып алынады. Мамандар аталған тағамдарды сатып алудан бас тартудың екі себебі бойынша кеңес береді. Біріншісі,

супермаркеттерде аталған күрделі тағамдарды дайындауға құрамында сақталу мерзімі аяқталуға жақын, не өтіп кеткен өнімдердің қолданылуы мүмкін және де салат құрамы ингредиентінің қаншалықты қауіпсіз екендігін тексеру мүмкін емес. Екіншіден, мұндай салаттар қауіпсіз сақталу мерзімі уақытына сәйкес емес және ұзақ сақталуына байланысты, ауру тудыратын таяқшалардың кешені болып табылады. Сондықтан, тамақ дайындауға көбірек уақыт бөле отырып, өз жанұяңызды денсаулығы үшін, балғын және қауіпсіз тағамдармен қамтамасыз еткеніңіз жөн. Мейрамдық дастарханға тәтті тағамдарды қоюмен қатар, пайдалы дәрумендері бар тағамдарды да қойғыңыз келеді. Сол үшін, көбі осы мерзімде, тасымалданатын дәрумендері бар жеміс-көкөнісі өнімдерін таңдайды. Алайда, тағамды тасымалдау және сақтау кезінде, оның сыртқы түр сапасының сақталуын қамтамасыз ету үшін, әдейі заттармен өңделетінін ұмытпаған жөн. Сондықтан, сатылып алынған көкөніс-жемістерді, жүзімдерді мұқият жуып, қолданған жөн. Мамандар шетелден шығарылған алма-алма-алма жуып қана емес, қабығын тазалауды кеңес береді, өйткені қабығындағы зиянды заттар тағамнан улануды болдырмай да, аллергиялық реакцияға әкелуі әбден мүмкін. Егер тәулік бойы жалпы аурушандық жағдай жақсармай, керісінше, дене қызуының көтерілуі, тоқтамай құсу және іш өту белгілері күшейіп, жағдай нашарлай бастаса, бұл жағдайда міндетті түрде дәрігердің көмегіне жүгіну қажет, ал аурудың асқынғанда жағдайында «жедел жәрдемді» шақырған дұрыс.

Х.ОСПАНОВ,

Созақ аудандық СЭББ басшысы.

## Контрафактілік, жалған және сапасыз өнімнің айналымына қарсы іс-қимыл проблемалары

«Тауар таңбасы, қызмет көрсету таңбасы және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 4-тармағына сәйкес, тауар таңбасы иесінің келісімінсіз ешкім де оның тауар белгісін пайдалана алмайды делінген, ал егер пайдаланса ол тауарлар контрафактілік тауарлар болып есептелінеді. Еліміз нарығында өзгелердің

меншік нысандары саналатын тауарлардың тәуір жасалған көшірмелері баршылық.

Әлем бойынша контрафактілік (жасанды) өнім көлемі ұлғаяуда. Тұтыншылардың басым бөлігі бұл тауарлардың тигізетін залалын білмегендіктен, сапасыз тауар өндірушілердің құрбанына айналады.

Контрафактілік өнім түпнұсқа секілді қымбат бағада сатылуы мүмкін және керісінше, тұтыншыларды тарту мақсатында арзан сатылады. Елімізде сапасыз төмен, ал кейде қауіпті өнімнің пайда болуы ұлт денсаулығына залал келтіреді және тұтыншылардың өміріне қауіп төндіреді. Себебі, ол заттардың кім және қалай жасағандығын білмейміз. Қазіргі таңда контрафактілік өнімнің

таралу проблемасы Қазақстанда да орын алып отыр. Контрафактілік өнімнің таратылуы ел экономикасына нарыққа халықтың қауіпсіздігіне, денсаулығына әсер ететін сапасыз өнімнің шығарылуы, салықтардың толық түспей қалуына әсер етеді.

Контрафактілік өнімнің таралу деңгейін төмендету мақсатында уәкілетті органдардың контрафактілік өнімнің таралу фактілерінің алдын алу және жолын кесу мәселелерінде тиімді өзара іс-қимыл жасасуы қажет.

Қазіргі таңда тауар маркасының белгіленген төрт типі бар, олар фирмалық атауы, фирмалық белгісі, сауда белгісі, тауар белгісі.

Тауар белгісі өнімді дараландыру тәсілі болып табылады, бұл тәсілді

меншіктену құқығы Заң бойынша зияткерлік меншікке жатқызылады. Яғни, тауар белгісімен қатар белгілі бір фирманың, барлық тауарларын таңбалау үшін символ - белгі түріндегі сауда таңбасы мен шығарушы фирмаға тиесілі сауда атауы да пайдаланылады. Заң жүзінде қорғалған тауар белгісі, әдетте дөңгелек сызықпен қоршалған латынша «R» әрпімен - таңбаланады. Тауар таңбасын иеленушінің оны пайдалануға заңмен қорғалған айрықша құқығы болады.

С.АХАТАЕВ,

Кентау ауданаралық сот актілерін орындау жөніндегі аумақтық бөлімі филиалының аға сот орындаушысы.

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**Директордың міндетін уақытша атқарушы:**  
**Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы**

**Бас редактор:**  
**Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы**  
**Жауапты хатшы:**  
**Мақсат Қарғабай**  
**Редакция құрамы:**

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терішші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігі және желілік басылымы есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
4000 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.